

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің (АҚКМ) ережесі мен құрылымын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 31 қазан N 1474. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.04.29. N 499 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
т у р а л ы е р е ж е ;

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің
т і з б е с і б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі орталық аппаратының құрылымы, 1-қосымшаға сәйкес, 125 адам санындағы аппарат қызметкерлерінің шекті санының негізінде бекітілсін.

3. Облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармаларының саны

әрбір облыс пен Алматы қаласына 18 адам есебінің негізінде, 270 адам болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне бір вице-министрі, сондай-ақ саны 11 адамдық алқасы болуына рұқсат етілсін.

5. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің орталық аппараты үшін 7 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 31 қазандағы
N 1474 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігі (АҚКМ) туралы

ЕРЕЖЕ

I. Миссиясы

Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру,
қоғамның саяси тұрақтылығын, идеялық топтасуын нығайту.

II. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстанның бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін, заңдарға сәйкес бұқаралық ақпарат пен баспасөз, ұлт, жастар, конфессионалдық және тіл саясаты салаларына мемлекеттік саясат пен үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Министрлік республикалық бюджеттен қаржыландырылатын газеттер мен журналдардың, телерадио компаниялардың, ақпарат агенттіктерінің және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының құрылтайшысы болып табылады.

Министрліктің қызметінің негізгі мақсаты:

а) мемлекеттік органдардың ішкі саяси тұрақтылықты, қоғамдық және конфессионалдық келісімді, ұлтаралық қатынастардың үйлесімін нығайтудағы
қ ы з м е т і н ү й л е с т і р у ;

б) азаматтардың сөз бостандығына арналған конституциялық құқығын

қамтамасыз ету, мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қорғау,
Қазақстанның ақпараттық рыногын кеңейту.

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясының негізінде жүзеге асырады, заңдарды, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің шешімдерін және өзге де нормативтік және құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

III. Жұмыстарының басымдықтары

Ішкі саяси тұрақтылықты нығайту, қазақстандық отан сүйгіштікті, азаматтық бірдейлікті орнықтыру;
мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
реформаларды моральдық-психологиялық және идеологиялық қолдау үшін қажетті мемлекеттік баспа бағдарламаларын қалыптастыру;
республикада бұқаралық ақпарат құралдарының сапасы мен кәсіби деңгейін арттыру;
баспасөзде және бұқаралық ақпарат құралдары заңдарының сақталуына талдау жасау.

ІҮ. Министрліктің міндеттері, функциялары, құқықтары

3. Министрлік мынадай функцияларды жүзеге асырады:

елді дамытудың ұзақ мерзімдік басымдықтарына сәйкес баспасөз, бұқаралық ақпарат, ұлт, тіл, конфессионалдық және жастар саясаты салаларында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін үйлестіреді, газеттерге, журналдарға және телерадио хабарларына арналған, әдебиеттің қоғамдық маңызды түрлері бойынша баспа бағдарламаларын қалыптастыруға арналған мемлекеттік тапсырыстарды, сондай-ақ қоғамдық маңызы бар шараларды қалыптастырады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді. БАҚ, оның ішінде шетелдік аудиторияға да есептелген, есепке алуды және тіркеуді жүзеге асырады;

авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп белгіленген тәртіппен баспасөз және бұқаралық ақпарат салаларында авторлық және сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалануды болдырмау және оның жолын кесу жөнінде шаралар қабылдайды және жүзеге асырады; әдебиет пен өнер туындыларын басып шығару, көпшіліктің алдында орындау және өзге де пайдалану түрлері үшін авторлық сыйақының мемлекеттік ставкаларын әзірлейді ;

тілдерді дамыту саласында халықаралық қатынастарды үйлестіруге, қоғамды тұрақтылықты сақтауға, қазақстандық отан сүйгіштікке тәрбиелеуге бағытталған шараларды жүзеге асырады ;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын әзірлейді және жүзеге асырады, осы салада нормативтік актілерді іске асырады;

Қазақстан Халықтары ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады ;

министрліктердің, ведомстволардың және өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер жөніндегі қызметін үйлестіреді;

шетелдің тиісті ведомстволарымен Министрлік қызметінің мәселелері бойынша байланыстар орнатады және ынтымақтастықты дамытады.

4. Министрліктің негізгі міндеттері:

қоғамның демократиялық институттарын нығайту, бұқаралық ақпарат құралдары мен баспасөзде Қазақстан Республикасын дамыту стратегиясын түсіндіру мен оны насихаттау;

баспасөз және бұқаралық ақпарат, ұлт, жастар, конфессионалдық және тіл саясаты салаларында заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

таяу және алыс шетелдердегі қазақ диаспорасына Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша көмек көрсету;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес газет-журнал, дыбыс-көрнекі, кітап және өзге де отандық және шетелдік ақпарат өнімдеріне талдау жасау болып табылады.

5. Министрліктің қойылған мақсатын, міндеттерін және функцияларын жүзеге асыруы үшін:

орталық және жергілікті атқарушы органдардан, ұйымдардан және азаматтардан Министрлікке ақпарат және қоғамдық келісім саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұратуға;

нормативтік құқықтық құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысуға, баспасөз, бұқаралық ақпарат, ұлт, жастар, тіл және конфессионалдық саясат салаларында ведомстволық актілер шығаруға;

заңдарда белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпаратты, баспаларды, полиграфиялық кәсіпорындарды, кітап саудасы ұйымдарын және басқа да ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдарды құруға, қайта ұйымдастыруға, таратуға;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес баспасөз басылымдарының тегін бақылау даналарын, эфирде айтылған дыбыс-бейне жазбаларының көшірмелерін алуға құқығы бар.

Ү. Министрліктің жауаптылығы

6. Министрлік:

бұқаралық ақпарат және баспасөз, ұлтаралық қатынастар, жастар, тіл және конфессионалдық саясат салаларында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін;

республикада БАҚ сапасы мен кәсіби деңгейін арттыру үшін;
әлеуметтік маңызы бар әдебиеттерді шығарудың мемлекеттік
бағдарламаларын қалыптастыру үшін;

барлық ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындардың, ұйымдардың және
мекемелердің жұмысын ұйымдастыру және оның тиімділігі үшін жауапты
болады.

ҮІ. Министрліктің өкілеттігі

7. Министрлікті Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы
бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және
қызметен босататын Министр басқарады.

8 . М и н и с т р :

дара басшылықтың негізінде Министрліктің қызметіне басшылық жасайды,
Министрлік пен оның жүйесіне жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жеке
жауаптылықта болады, баспасөз бен бұқаралық ақпарат, ұлт, жастар, тіл және
конфессионалдық саясат салаларында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды
ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

департаменттердің директорларын тағайындайды;
республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бұқаралық ақпарат
құралдарының, сондай-ақ басқа да ведомстволық бағыныстағы құрылымдардың
басшылары мен олардың орынбасарларын қызметке тағайындайды және
қ ы з м е т і н е н б о с а т а д ы ;

қолданылып жүрген заңдар мен осы Ережеге сәйкес өзге де өкілеттіктерді
ж ү з е г е а с ы р а д ы .

9. Министрлікте кеңесуші орган болып табылатын алқа құрылады, оның
шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

10. Аймақтарда министрліктің өкілеттігін облыстық ақпарат және қоғамдық
келісім басқармалары жүзеге асырады. Олар туралы ережені Министр бекітеді.
Министр әкімдердің келісімі бойынша тиісті аймақтардағы барлық мемлекеттік
бұқаралық ақпарат құралдарының қоса

құрылтайшылары болатын облыстық басқармалардың бастықтарын
тағайындайды.

11. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігі заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік және орыс

тілдерінде атауы жазылған мөрі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының
банктерінде бюджеттік, есеп айырысу және өзгеде шоттары, тиісті
бланкілері болады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 31 қазандағы
N 1474 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігіне ведомстволық бағыныстағы
кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің

ТІЗБЕСІ

Рет | Кәсіпорындардың, ұйымдар мен | Почталық мекен-жайы
N	мекемелердің атауы

1. "Кітап" республикалық өндірістік Алматы қаласы,
бірлестігі Гагарин даңғылы, 93
2. Қағаз-қосымша қиынды қағаз тауар. Алматы қаласы,
ларының республикалық фабрикасы Сейфуллин көшесі, 312
3. Республикалық полиграфия комбинаты Алматы қаласы,
Мақатаев көшесі, 41
4. "Дәуір" республикалық газет-журнал Алматы қаласы,
баспасы Жібек жолы даңғылы, 50
5. "Полиграфия" республикалық Ақтөбе ӨБ Ақтөбе қаласы,
Строительная көшесі, 190
6. "Алатау" республикалық корпорациясы Алматы қаласы,
Мұқанов көшесі, 223б
7. "Полиграфия" республикалық Шығыс Өскемен қаласы,
Қазақстан ӨБ Школьное шоссе көшесі, 4
8. "Полиграфия" республикалық Атырау ӨБ Атырау қаласы,
Сәтпаев көшесі, 4
9. Республикалық Маңғыстау ірілендірілген Ақтау қаласы,
баспаханасы Ықшамаудан, 22

10. "Полиграфия" республикалық Жезқазған Жезқазған қаласы,
БӨ Мир көшесі, 13
11. "Полиграфия" республикалық Қарағанды Қарағанды қаласы,
ӨБ Ермаков көшесі, 33
12. "Полиграфия" республикалық Қызылорда Қызылорда қаласы,
ӨБ Абай даңғылы, 60
13. "Полиграфия" республикалық Көкшетау Көкшетау қаласы,
ӨБ Урицкий көшесі, 98
14. "Полиграфия" республикалық Қостанай Қостанай қаласы,
ӨБ Индустриальная көшесі, 16
15. "Полиграфия" республикалық Павлодар Павлодар қаласы,
ӨБ Ленин көшесі, 143
16. "Полиграфия" республикалық Солтүстік Петропавл қаласы,
Қазақстан ӨБ Ленин көшесі
17. "Полиграфия" республикалық Семей ӨБ Семей қаласы,
Момышұлы көшесі, 20
18. "Дастан" республикалық корпорациясы Орал қаласы,
Ленин көшесі, 177
19. "Полиграфия" республикалық Ақмола Ақмола қаласы,
ӨБ Мир көшесі, 25
20. "Полиграфия" республикалық Оңтүстік Шымкент қаласы,
Қазақстан ӨБ Тәукехан даңғылы, 43
21. Шымкент қалалық баспаханасы Шымкент қаласы,
Тәшенов көшесі, 24
22. Жамбыл мемлекеттік баспаханасы Жамбыл қаласы,
Төле би көшесі, 14
23. "Полиграфия орталығы" Павлодар Павлодар қаласы,
республикалық баспаханасы Торайғыров көшесі, 70/1
24. Талдықорған облыстық баспаханасы Талдықорған қаласы,
Қабанбай батыр көшесі, 32
25. "Қазэлектронполиграфсервис" Алматы қаласы,
мемлекеттік кәсіпорны Абай даңғылы, 143
26. "Қазақстан теледидары мен радиосы" Алматы қаласы,
республикалық корпорациясы Республика алаңы, 13
27. "Қазақ ақпарат агенттігі (ҚАА)" Ақмола қаласы,
республикалық кәсіпорны Мир көшесі, 22
28. "Қазтелерадио" республикалық Ақмола қаласы
мемлекеттік теледидар, радио
хабарларын тарату және

- радиобайланысы қазыналық кәсіпорны
29. "Алматы радиотеледидар хабарын беру станциясы (АРТБС)" Алматы қаласы
30. "Қазақстан" республикалық баспасы Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143
31. "Жазушы" республикалық баспасы Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143
32. "Рауан" республикалық баспасы Алматы қаласы
Абай даңғылы, 143
33. "Білім" республикалық баспасы Алматы қаласы
Абай даңғылы, 143
34. Республикалық қазақ энциклопедиясының Алматы қаласы,
бас редакциясы Мечников көшесі, 84
35. "Ғылым" республикалық баспасы Алматы қаласы,
Пушкин көшесі, 11/113
36. "Санат" республикалық баспасы Алматы қаласы
Байтұрсынов көшесі, 65а
37. "Ана тілі" республикалық баспасы Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143
38. "Жеті жарғы" жабық акционерлік қоғамы Алматы қаласы,
Абай даңғылы,
39. Мемлекеттік кітап палатасы Алматы қаласы,
Пушкин көшесі
40. "Егемен Қазақстан" республикалық газеті Алматы қаласы,
Гоголь көшесі, 39
- 41.
42. "Қазақ әдебиеті" республикалық газеті Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы, 105
43. "Ана тілі" республикалық газеті Алматы қаласы,
Желтоқсан көшесі, 112
44. "Қазақ елі" республикалық газеті Алматы қаласы,
Жібек жолы даңғылы, 50
45. "Жас алаш" республикалық газеті Алматы қаласы,
Жібек жолы даңғылы, 50
46. "Түркістан" республикалық газеті Алматы қаласы,

Бөгенбей батыр

көшесі, 150

47. "Коре ильбо" республикалық газеті Алматы қаласы,
Жібек жолы даңғылы, 50
48. "Ұлан" республикалық газеті Алматы қаласы,
Жібек жолы даңғылы, 50
49. "Ұйғыр авазы" республикалық газеті Алматы қаласы,
Жібек жолы даңғылы, 50
50. "Дойче альгемайне цайтунг" Алматы қаласы,
республикалық газеті Жібек жолы даңғылы, 50
51. "Украинскі новині" республикалық газеті Алматы қаласы,
Жібек жолы даңғылы, 50
52. "Дружные ребята" республикалық газеті Алматы қаласы,
Жібек жолы даңғылы, 50
53. "Новое поколение" республикалық газеті Алматы қаласы,
Желтоқсан көшесі 79а
54. "Юридическая газета" республикалық Алматы қаласы,
газеті Абай даңғылы, 50а
55. "Заң газеті" республикалық газеті Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 50а
56. "Ақиқат" республикалық журналы Алматы қаласы,
Гоголь көшесі, 39
57. "Ақ желкен" республикалық журналы Алматы қаласы,
Жібек жолы даңғылы, 50
58. "Балдырған" республикалық журналы Алматы қаласы,
Жібек жолы даңғылы, 50
59. "Жалын" республикалық журналы Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 7
60. "Мысль" республикалық журналы Алматы қаласы,
Гоголь көшесі, 39
61. "Абай" республикалық журналы Семей қаласы
62. "Жұлдыз" республикалық журналы Алматы қаласы
63. "Простор" республикалық журналы Алматы қаласы
64. "Парасат" республикалық журналы Алматы қаласы
65. "Балапан" N 184 балалар комбинаты Алматы қаласы
М.Торез көшесі, 8
66. "Оқжетпес" республикалық жастар Бурабай
лагері
67. "Хабар" агенттігі" республикалық Алматы қаласы

мемлекеттік кәсіпорны

ЕСКЕРТУ. Тізбеден 41-жол алып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.10.16.

N 1050 қаулысымен.

P981050_

ЕСКЕРТУ. Тізбе өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.29. N 1348 қаулысымен.

P981348_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 31 қазандағы
N 1474 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінің құрылымы

Бұқаралық ақпарат құралдары департаменті

Ішкі саясат департаменті

Тілді дамыту жөніндегі департамент

Мемлекеттік баспа бағдарламаларын
қалыптастыру департаменті

Ішкі әкімшілік департаменті

